

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мен Д.В. Корея и корейская диаспора Казахстана: политический аспект. – Алматы: Ғылым, 2008. – 310–317 б.
2. Хан В.С., Квон Л.А., Пан А.В. "Ассоциация Корейцев Казахстана", Алматы: ДайкПресс, 2000. – 183–209 б.
3. Корейская диаспора как связующий мост между двумя странами (Казахстана и Кореи) "<http://el.kz/m/articles/view>":/- 8-10 б.
4. Пак М. Н. О причинах насильственной депортации советских корейцев Дальнего Востока в Центральную Азию. М, Аتما-Ата, 1992, 12 декабря. – 98-101 б.
5. Пак А.Д. Демографическая характеристика корейцев Казахстана. – Алматы, 2002. – 10 б.
6. Ким Г.Н. Социально-культурное развитие корейцев Казахстана. Научно-аналитический обзор. Алма-Ата, 1989, 10-11 б.
7. Ким Г.Н. Корейцы Казахстана и Средней Азии в зарубежных исследованиях. Реферативный сборник. Выпуск 32, Алма-Ата, 1990, 12-37 б.
8. Ким Г.Н. Казахстан — Южная Корея: по пути стратегического партнерства: монография. — В двух книгах. Книга 2. Сборник документов. — Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2012. – 432 б.
9. Ким Г.Н. Корё Сарам - Записки о корейцах, 2017. – 165 б.
10. Ким Г.Н. Хронология истории корейцев казахстана. – Алматы: Print Express. Издательство и полиграфия, 2017. – 118 б.

ӘОЖ 396.11

### АРАБ ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕМИНИЗМНІҢ БАСТАЛУЫ, ТАРАЛУЫ

**Шөптібай Ая Абылайқызы**

[aiya.shoptibay99@gmail.com](mailto:aiya.shoptibay99@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,  
Шығыстану кафедрасының 4 курс студенті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Құрманғали Г.Қ.

**Аннотация:** Мақалада араб елдерінде феминизм қозғалыстарының басталуымен таралуы талқыланады. Мұсылман әйелдерінің феминизмге көзқарасы және феминизмнің тараған түрлері, күресте қолданған әдістері көрсетілді. Қазіргі заманның талабына сай интернеттің феминизмге көрсеткен ықпалы және араб елдерінің демократияға көшудегі әйелдердің рөліне анализ жасалады.

Араб елдеріндегі «феминизм» түсінігі Еуропа елдеріндегі феминизм құбылыстарынан әр түрлі. Феминизм сөзі араб тілінде «ниса» сөзінен алынған. Бұл аймаққа «феминизм» терминінің орнына «әйел эмансипация» термині көбірек келеді. Араб тілінде «босату» деген мағынада «эмансипация» «тахрир» сөзімен қолданылады. Екінші синоним сөзі «суфур» «орамалды шешу» деп аударылады.

Таяу Шығыстағы ерте феминизмнің пайда болуы мен даму тарихы Еуропа елдеріндегі тарихи процесстермен салыстырғанда пассивті дамыса да, кем түспейді. Жаһандану процестері, әлемдегі исламдық ағымдардың жандануы және исламдық рефлексия құбылыстары көпшіліктің назарын ислам феминизмі құбылысына аудартты.

Ислам феминизмнің теориялық базасы академиялық ғылым ретінде 1990 жылдың ортасында қалыптаса бастады. Бұл ғылымды зерттеуде феминизмнің тәсілдері мен стратегияларының алуантекті болуымен, ғалымдар мен зерттеушілер араб әлеміндегі феминизмді біртекті емес екеніне келіседі, бірақ ішіндегі ағымдар жайлы бір сөзге келе алмады. Кейбіреулері либералды, радикалды және консервативті түрлерін анықтаса,

кейбіреулері мұсылман және мұсылман емес қоғамында да кездесетін – діни және зайырлы түрін белгілейді [1,151 б].

19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында Таяу Шығыста біз білетін араб әлемін қалыптастырған көптеген қоғамдық-саяси процестер болды. 19 ғасырдың аяғынан бастап аймақта орталық әлеуметтік процесс Араб Ренессансы (Ан-Нахда) пайда болды. Оның барысында интеллектуалды модернизация және жалпы мәдени өрлеу процестері жүрді. Ан-Нахда кезінде арабтардың Осман империясына қарсы күресі болған еді. Еуропалық идеялар мен құндылықтардың енгізілуі Таяу Шығыстағы ағылшын-француз ықпалының артуының табиғи салдары болды.

Бір таңқаларлығы, алғаш рет феминизм туралы Еуропада білім алған және оқыған эмансипация әйелдермен қарым – қатынас жасау тәжірибесі бар араб – еркектер айтқан. Феминизмнің отаны – Египет. Ал феминизм жайлы ашық пікірталастарды ұйымдастырған мысырлық реформаторлар Мұхаммед Абдо және Қасым Амин болды. 1899 жылы Қасым Амин «Тахрир ал-марья» кітабын жазды. Кітабында полигамияға(көп әйел алу) тыйым салуға, ерлердің ажырасу құқығын шектеуге шақырды және әйелдерге білім алуға және еңбек құқығына рұқсат беруге, хиджабты жою мәселелерін талқылады. Кітап араб әлемінде үлкен дау туғызды, әсіресе дәстүрлі үстемдікті ұстанушылар қарсы болды. Барлығы ХХ ғасырдың басында арабтардың көп бөлігі әйел жайында әлі консервативті болып қалғанын дәлелдейді. Аминнің хиджабты жоюға шақыруы және радикалды үндеуі батысшыл пікір деп есептелді және Мысыр қоғамында үлкен наразылықтың себебі болды [2,306 б].

Қ.Аминның кітабы кейін мысырлық феминистардың анықтама кітабына айналды. Араб әлемінде алғаш рет әйел саяси субъект ретінде 1919 жылы Британияға қарсы бүлікке қатысты. Бүлік кезіндегі әйелдер лидері Худа Шаравм және Софья Зағлул, кейін халық оны «умм – мисрийун» («мысырлықтардың анасы») атап кетті [3,158 б]. София Зағлул елде әйелдер арасында үндеу жүргізді. Соның нәтижесінде, 1919 жылы тек әйелдер «Бостандық және тәуелсіздік» лозунгімен бүлікке шықты [4,45 б].

1919 жылы желтоқсанда Альфред Милнер бастаған комиссия Египетке келді. Миссияның мақсаты – Египеттің мәселесін шешу үшін елдің ахуалын білу. Бірақ ел оны наразылықпен қарсы алды. Ағылшындардың зұлымдықтарына қарсы, әйелдер наразылық білдіріп, жазбаша петиция жазып, билік өкілдеріне тапсырды. Наразылық петициясында 114 мұсылман және копт әйелдерінің қолы жиналды. Қолтаңбада Египеттегі әйелдердің эмансипация дәрежесі байқалды: 87 әйел қолды күйеулерінің атымен қойды (ондайдың әйелі), 23 тұрмысқа шықпаған әйелдер әкелерінің атымен (осындай және осындайдың қызы) және тек 4-еуі өз аттарынан қол қойды (Худа Шарави, Рафа-Ила Багдади, Джульетта Салиб және Мари Мирхам). Өз атымен қол қойған әйелдер араб әлеміндегі феминизм қозалыстарының лидерлері болды [5,168 б].

16 наурыз 1923 Каирде Х.Шаравидің үйінде шамамен 80 әйел адам кездесіп, алғашқы саяси «Египет әйелдерінің одағы» (Иттихад ан – ниса мисри) ұйым құрды. Бұл кездесудің басты себебі: Египет әйелдерін Римдегі әйелдер халықаралық конгресіне шақыру болып табылды. Кездесуде конгреске баратын делегация мүшелері анықталды, олар: Худа Шарави, Сиза Набавари, Фахми Виса және 20 жастағы жас қыз.

1923 жылы 19 сәуір конституция бекітіліп, Египет конституциялы монархия ел болды және әйел мен еркектің теңдігі заңдастырылды.

Әйелдер өміріндегі күрт өзгерістер 1952 жылғы төңкерісінде монархия құлап, Египет республика болып жарияланғаннан кейін, демократиялық өзгерістер басталғанда байқалды. Енді мысыр әйелдерінің басты мақсаты әйелдердің саяси, экономикалық және азаматтық құқықтарын қорғау болды. 1954 жылы наурызда Мысырлық феминист, жазушы, «Нилдің қыздары» ұйымының жетекшісі Дария Шафик және онымен қоса 18 қыз белгісіз мерзіммен аштық жариялады. Дария Шафик аштықты Президент Мұхаммед Нагибтің әйел құқықтарын орындауға уәде берген жазбаша мәлімдемесін алғаннан кейін ғана тоқтатты. 1952 жылғы Уақытша Конституция бойынша оқи және жаза алатын барлық әйелдер

сайлауға қатысу құқығын алды [6,78 б]. Мұхаммед Нагибтың билік кезінде (1954-1970 жж.) әйел адамдарының эмансипация үдерісі даму және гүлденудің рәмізі болып саналды.

Жаңа заңның арқасында қызға үйлену жасы 16-да, ал жас жігіт үшін - 18 жастан бастап болды. Күйеу мен әйел арасындағы жас айырмашылығы 15 жастан аспауы керек. Екінші әйел алу үшін бірінші әйелден рұқсат алуы керек, әйтпесе оның ажырасуға құқығы болды деген заңдар әйел адамының құқығын нақты заңдармен қорғалатына нақты дәлел бола алды [7,17 б].

Египеттегі феминизм қозғалыстарының лебі басқа араб елдеріне тарады. Анбара Салам Халиди – Бейруттағы өз кезіндегі ең бір интеллектуал әйелдерінің бірі. Ол Худа Шаарвидың ізін басушы болып, ол сияқты Бейрут қаласындағы Америка университетінде демонстративті түрде орамалын шешті. Елден елге көшіп, өз білімімен ойларын шындай «Ертедегі араб феминистің мемуары» атты кітабын жазды [8,19 б].

Араб қоғамындағы жоғарыда айтылған жетістіктерден кейін әйелдерге басқа да құқықтарға қол жеткізу үшін ұзақ және қиын жолдар бар еді. Олар саяси, экономикалық құқықтар және білім алуға еркін қол жетімділік сынды мәселелер әлі де шешімін таппай тұрған еді. Араб феминизмі тарихында жаңа атаулар пайда болды, олар аймақтағы оқиғалардың ағымын көптеген адамдар үшін өзгертті. Латифа Заййяд, Инжи Афлатун және басқалар аштық жариялау, петиция және басқа тәсілдермен өз құқықтарын қорғауға тырысты. Алайда, мемлекет және қоғам тарапынан көрсетілген қысымға қарамастан, Таяу Шығыстағы әйелдердің бостандығы үшін күрес жалғасуда. Ислам сияқты бірқатар тежеуші факторлардың әсерінен немесе елдердің экономикалық қиындықтарына байланысты бұл процесс еуропалықтардан көп уақытты алды. Сондықтан араб феминистерінің күресі батыстық либералды қоғамда танымал болып, қолдау тапты.

Араб әлеміндегі әйелдер қозғалысының үдерісіне қарамастан құқықтар толық қорғалынбады. Алайда, тек әйелдер мәселесі емес, 20 ғасырда араб елдері саяси және экономикалық қиындықтарды басынан кешірді. 2011 жыл Солтүстік Африка, Араб түбегі және Таяу Шығыстағы «Араб көктемі» бірқатар елдерде саяси және әлеуметтік ахуалды өзгертті. Әйелдердің осы процестерге белсенді қатысу фактісі назардан тыс қалмады. Елу жыл бұрын президент Гамал Абдель Насердің тұсында әйелдер еркектер сияқты демократиялық құқықтарға ие болғанына қарамастан, шамамен 30 жыл бұрын исламдандыру процесі радикалды сипатқа ие болған сайын, әйелдер әлеуметтік және мәдени тұрғыда осал бола бастағандықтан жұртшылық арасында таңқаларлық жағдай болды. Араб көктемінің оқиғаларына байланысты әйелдердің саяси рөлін қайта қарау қажеттілігі пайда болды. Қазіргі күнге дейін лауазымдары, өз құқықтары үшін күресетін, саяси және әлеуметтік әділеттілікті талап ететін әйелдер бар. Сондықтан араб елдеріндегі бұл мәселе өте маңызды, өзекті және көптеген заманауи зерттеушілердің назарын аударады.

Осы елдердегі әйелдердің билікпен күресу үшін қолданылатын тәжірибе ерекше қызығушылық тудырады. Негізгі рөлді бұқаралық ақпарат құралдары атқаратынын атап өту керек. Бұқаралық ақпараттар дәуіріне дейін мұсылман елдерінің әйелдерінің қоғамдық саласы жабық болды. Алайда интернеттің арқасында әйелдер мәселелерін ашық талқылау үшін жаңа қоғамдық сала құрылды. Ең алдымен, бұл әйелдер жасаған веб сайттар, сайттарда әйелдер пікір талас жүргізіп, өз мәселелерімен бөлісіп өздеріне әлемнің назарын аударта алады. Мысал ретінде, «women of Egypt» веб сайтында Египет әйелдері зайырлы пәндерді Құранмен келістіріп және исламның қазіргі өмірге көзқарасын анықтайды. Сонымен қоса, веб сайтта консультация алу мүмкіндігі бар. Қазіргі кезде, әлеуметтік желілер де танымал. Мароккалық және араб шығанағы елдеріндегі әйелдер белсенді түрде твиттер жүргізіп, фото да жүктейді.

Араб елдеріндегі бұл мәселе бойынша кездесетін кедергілер де бар. Негізгі кедергілер – жұмысқа орналасу шарттары, әйелдің бағынуы керек стереотиптер, теңдіктің болмауы, жалақы мәселесі, жасқа байланысты шектеулер, қосымша білім алу мүмкіндігінің болмауы, сегрегация– адамдардың қоғамда санаттарға бөлінуі және т.б. Бірақ бұған қарамастан, бұқаралық ақпарат құралдарында редакциядағы әйелдердің көбею тенденциясы

бар, бірақ олардың қоғамдағы нақты позициясы өзгеріссіз қалып отыр. Себебі көптеген жұмыс істейтін әйелдерге Европада білім алуға мүмкіндіктері болған. Ал ондай мүмкіндіктері жоқ әйелдердің жағдайы осал болып тұр.

Сонымен Таяу шығыста феминизмнің 2 түрлі формасы қалыптасты: а) зайырлы феминист әйелдер, б) діни феминист әйелдер. Зайырлы әйелдер дінмен феминизм сәйкес келмейді және дін қоғамға кіре алмайды деп есептейді. Басты мақсаттары – саясатпен күресіп, еркектермен тең дәрежеге жету. Оларға оппозиция ретінде діни феминист әйелдер шығады, олар мәселенің түбі дінде жатыр деп есептейді. Құран мен дін шариғаттарын қайта қарастырып, Құрандағы хақ пен еркек ғалымдардың Құранды тафсир жасауларында айырмашылық бар деп санайды. Әйел мен еркектің теңдігіне Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) бірінші әйелі Хадиджаны дәлел ретінде алады, себебі Хадиджа бай және саудамен айналысқан. Араб әлемінде көпшілігі – діни феминист әйелдер [9,3 б.].

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта мұсылман елдерінде әйелдер маңызды рөл атқаруда, осы консервативті қоғамның азаматтары демократияға әйелдердің қатысуынсыз көше алмайтынын түсінді. Сонымен қатар соңғы жылдары білімді әйелдердің саны өсті. Бұл жағымды тенденция әйелдердің әлі де араб көктемнен кейін тоқтамаған зорлық-зомбылықтың нысаны болып табылатындығымен ерекшеленеді. Бахрейнде әйелдерді саяси белсенділігі үшін түрмеге қамау жағдайы әлі де бар, сонымен қатар полицияның қолында өлген әйелдердің жағдайлары да белгілі. Бірақ қалай дегенмен, салыстырмалы түрде әйелдердің жағдайы өзгерді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Малашенко А.В. Исламская альтернатива и исламистский проект. – М.: «Весь мир», 2006. 211 б.
2. The Modern History of Egypt. Vatikiotis P.J – L., 1969. 546 б.
3. Modern Egypt. Cromer E.V. Vol. 1-2. – L., 1908. 634 б.
4. Египетская женщина от фараонов до наших дней. Shafik D. – Kair, 1955.
5. The Egyptian Problem. Chirou V. – L., 1921. 353 б.
6. The Revolutionary Centlewomen in Egypt. Marsot A. L. – Cambridge, 1978. 261б.
7. История феминистского движения в Египте: генезис и современные тенденции. Хоружая Светлана Владимировна. 2017. 17б.
8. Конституция Республики Египет. – М.: 1956.
9. Политический активизм женщин - мусульманок в условиях революционных процессов на Ближнем Востоке. Южанина Марина Владиславовна. 2015. 4б.

ӘОЖ 316.334:81

### **ҚАЗІРГІ КОРЕЙ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗАЦИЯ**

**Ырыс Дилбар Хамзақызы**

[yrys.dilbar@mail.ru](mailto:yrys.dilbar@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті  
Шығыстану кафедрасының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – т. Азмұханова А.М.

Мақала корей тілі дамуының қазіргі кезеңіндегі неологизация процестерін зерттеуге арналған. Негізгі мақсат - корей тілі неліктен жыл сайын көптеген неологизмдерді оңай жасайтынын және қабылдайтындығын түсіну.

Зерттеу барысында корей тілінде неологизмдердің пайда болуының сыртқы және ішкі себептерін қарастыруға ерекше назар аударылды. Сыртқы - бұл тілге тікелей әсер ететін қоғам дамуындағы ерекше құбылыстар мен үрдістер. Алайда, кез-келген әлеуметтік фактор кез-келген тілге әсер етеді, кез-келген қоғамда өзгерістер орын алады. Бірақ әрбір тіл